

**Өтетін уақыты:** 15 сәуір, сағ 11-00.

**Іс-шараның мақсаты:** акын – майдангер Ж.Молдагалиевтің шығармаларымен таныстыру; поэзияны насихаттау; әскери әдебиеттерді насихаттау; іс-шараларда оқырмандарды белсенділікке тарту.

Қазіргі мына жан жақты заманауи дамыған өмірде өскелең ұрпақ қолдан келген қалып қоймас үшін кітапханамызда жастарымызға рухани азық беретін іс-шаралар өткізіп тұрамыз. Соның бірі қазаққа аты танымал акын, жазушы Жұбан Молдагалиев ағамыздың 95-жылдық мерей тойына байланысты үлкен іс-шара өткіздік. Жұбан ағамыздың жастық шағы өн кезінде кезеңдерге сай келеді. Ол 1940-1947 жылға дейін әскер қатарында болып, биыл 70 жылдығын атап өтетін Ұлы Отан соғысына қатысқан үлкен майдангер акын. Әскерден оралғаннан кейін түрлі қызмет атқара жүріп, шығармашылықпен айналысады. «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Жұлдыз» журналы редакцияларында жұмыс істейді. Ағамыздың тұңғыш жинағы «Женіс жырлары» деген атпен 1949 жылы жарық көреді. Жазушы өзінің адуынды жырларымен ұлттық әдебиет әлеміне тез танылады. Жұбан – өзінің атакты «Мен-қазақпын» деп аталатын поэмасымен қазақ әдебиетінің ірі туынғысына айналған, отансүйгіштік жырларымен халық жүрегінен орын тепкен акын. Ол- Ұлы Отан соғысы жылдарында келген ұрпақтың ірі талантты өкілдерінің бірі. Бұл жылдары жыр әлеміне келген ақындар шығармашылығында Отанға деген ерекше махаббат, халықты ерлікке шақыру, жеңіске деген үлкен сенім жатты. Сондай-ақ азаматтық намыс, кек, елге, жерге деген сағынышқа толы болды. Іс-шараға кітапханамыздан ашылған «Тағдырластар» клубының жастары қатысты. Олар ақынның Отан жайлы, туған жерге арналған өлеңдерін үлкен шабытпен орындап берді. Кітапхана оқу залында ақынның өлеңдерінен тұратын кітаптары қойылған қорға ұйымдастырылды.

Қорғаға акын жайлы мерзімдік басылымдарға шыққан көптеген мақалалар, тыңдайтын дыбысталған дискілер қойылды. Іс-шара сонында оқырмандарымыз ақынның «Махаббат ерлігі» атты өлеңін оқып, махаббаттың күдіретті күшінен болса да жеңетіні жайлы ұғымды бәрімізге паш еткізді. Акын жайлы әңгіме қызықты әрі тартымды өтті.

# «Сыршыл да, сыншыл акын» (Акын, жазушы Ж.Молдагалиевтын 95 жыл)

Авторлар: specbib  
16.04.2015 09:33 -

---

